

## ТҮРКІНІҢ ТҰҢҒЫШ ФИЛОЛОГЫ-МАХМҰТ ҚАШҚАРИ

**Қазыбаева Гауһар Жора қызы**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты Қазақ тілі және әдебиеті бағытының I курс студенті

Ғылыми жетекші: **Жандос Абдазимович Байзакав**

### АННОТАЦИЯ

Махмұт ибн әл Хусейн ибн Мұхаммед әл Қашқари түркі ғалымы, «Диуани лұғат ат түрік» (Түркі сөздерінің сөздігі) атты еңбегінің авторы. Түркі халықтарының тұңғыш ұлы филологы, ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым.

**Кілтті сөздер:** түркі ғалымы, Қарахан әулеті, мұра, энциклопедиялық туынды, әдебиеті мен өнері, түпнұсқа, дидактикалық философиялық поэзия.

### ANNOTATION

Mahmud ibn al-Husayn ibn Muhammad al-Kashgari, a Turkic scholar, is the author of Diwani Lugat At Turk (Dictionary of Turkic Words). The first great philologist of the Turkic peoples, a scientist who collected and studied samples of ancient oral literature.

**Keywords:** Turkic scientist, Karakhan dynasty, heritage, encyclopedic work, literature and art, original, didactic philosophical poetry.

### КІРІСПЕ.

Махмұт Қашқари толық аты-жөні Махмұт ибн әл-Құсайын ибн Мұхаммед. Туған жері қазіргі Қырғыстанның Барысқан жағасындағы қалада 1029-1030 жылдары туған. Түркі тілдерінің тұңғыш сөздігін құрастырушы, энциклопедист ғалым, атақты «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінің авторы. Қарахандар ақсүйектері ортасынан шыққан. Әкесі Құсайын Мұхаммед белгілі қолбасшы,

Барсханның әмірі болған. Махмұт Қашқари Қашқарда білім алып, Бұхара мен Бағдадта оқуын жалғастырған. Түркі халықтарын түгелге жуық аралап, заң ілімі, арифметика, Құран, шарифат пен хадис бойынша білім алды. Ол тек түркі тілінде емес араб және парсы тілдерінде де еңбектер жазған.

### **НЕГІЗГІ БӨЛІМ.**

Ол Қашқарда алған білімін одан әрі толықтыру мақсатымен Бұхара, Нишапур, Бағдат қалаларында болады. Махмұт Қашқари түркінің тұңғыш тіл маманы, түркі тілінің оқулығын жасаған, грамматикасын түзеп, жалпы түркі әлемінің тіл өнерінің өрісін кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама, Түркология тарихында ол тұңғыш тарихи салыстырмалы әдісті қолданып, түркі тілдері тарихи диалектологиясының негізін салды. Түркі жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Диуани лұғат ат-түрік» нақты тарихи деректілік сипатпен көрсетілген. Ол көптеген ұлыстардың, тайпалардың тіл ерекшеліктерін саралап, түркі тілінің бітімін ежіктей түсінтіреді, тұрмыс салтын, әдет ғұрпын баяндайды, сол кездегі бір қатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректерін, түркі халықтарының байырғы жырларын, мақал мәтелдерін көрсетіп береді. Сонымен қатар ол көне дәуірдегі түркінің әлемдік картасын жасап, онда Барсхан, Баласағұн, Тараз, Екі өгіз, Қашқардан бастап, түркі дүниесінің ежелгі шаһарларын, елді мекендерін түгел дерлік көрсетеді. Ол өзінің «Түркі тілдерінің жинағы» атты еңбегінің кіріспесінде былай деп жазған «Мен сол түріктердің қызыл тіме ең шешендерінен, ең әдемі әңгімелерінен, ең бір зеректерінен, ең біргірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен, болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан аяқ аралап шықтым. Түркі, түрікмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және қасиет, құпияларын шақтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен, олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым. Бұл бір мәңгілік

жәдігерлік уа таусылмас түгесілмес, азып тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйылып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат ат-түрік» «Түркі тілдерінің диуаны» деген ат бердім». Сонымен Махмұт Қашқари бұл еңбегін 1072-1079 жылдары Бағдат қаласында жазып бітірген. Бұл еңбек жазылып бітірген соң, жылдай уақыт өтіп Әбу Бәкір ибн Абдулфотхат ақынның өз шығармасына көшірген. Сол көшірген нұсқасы қазір Стамбулдың Фатих кітапханасында сақтаулы тұр. Сонымен «Диуани лұғат ат-түрік» 1915-1917 жылдары Стамбул қаласындағы Ахмет Рифат баспасынан үш томдық кітап түрінде жарық көреді. Белгілі шығыстанушы неміс ғалымы Броккельман бұл шығарманы неміс тіліне аударып, 1928 жылы Лейпзиг қаласында бастырды. Көрнекті түрік филологы Басым Аталай оны осман түріктерінің тіліне тәржіма жасап, 1939-1941 жылы Анкарада үш томдық кітап етіп шығарады. Қазақ тіліндегі нұсқасы төмендегідей;

1. Ат қасқасы ай болмас. "Төрт түлік мал туралы":

2. Су татырмасқа - сүт бер. "Тәлім-тәрбие, өсиет, тағлым туралы":

3. Ер жігітті қорлама. Үлкенмен керіспес болар. Бар - бақыр, жоқ - алтын. "Байлық-кедейлік туралы":

4. Қолыңа күміс қонса - алтын өзі келер. Көсеу ұзын болса - қол күймес. "Сақтық туралы":

5. Ит - қаппас деме, ат - теппес деме. Аңшы - қанша айла білсе, аю - сонша соқпақ біледі. "Аң-құс туралы":

6. Арқадағы жауыр ұлға қалар. "Жоқтық туралы":

7. Аш - не жемес, тоқ - не демес. "Тіл туралы":

8. Әдептің басы - тіл. "Ар-намыс, ұят туралы":

9. Ұятсызбен ұстаспа. "Ғылым-білім, өнер туралы":

10. Бақыттың белгісі - білім. "Бек, хан туралы":

11. Жер бастырығы - тау, ел бастырығы - бек.

"Асыл сөз туралы":

12. Ақылды сөз - алтын табаққа жеткізер. "Адам өмірі туралы":

13. Атаның ұлы - атасына тартып туар.

Екпейінше - өнбес, талпынбайынша - жетпес. "Еңбек туралы":

14.Заман қартайтқанға - бояу айыпты емес.

"Қоғам, мемлекет, заман туралы"

15.Жасауы мол келіннің күйеуі жуас келеді. "Әйел, ана туралы":

16.Күндестердің күлі де - күндес. "Күншілдік, қызғаныш туралы":

17.Жалғыз қаздың үні шықпас. "Жалғыздық туралы":

18.Ауыр күн де өтеді - оған сабыр-шыдам қыл. "Сабырлық туралы":

19.Арыстан күркіресе - аттың аяғы тұсалар. "Үрей туралы"

20.Далада бөрі ұлыса - үйдегі итің бүйірі солқылдар. "Үрей туралы":

21.Жақсы адамның сүйегі қурағанмен - аты қалар. "Жақсы мен жаман туралы":

22.Жаны кедей адамның құлқыны бір тоймайды.

"Байлық-кедейлік туралы":

23.Ауыр күн де өтеді - оған сабыр-шыдам қыл. "Сабырлық туралы":

24.Сараң санға қосылмас. "Сараңдық туралы":

25.Жағасындағыны жалаған - алақандағысынан айырылады. "Сараңдық туралы":

26.Алушы - арыстан, сатушы - тышқан. "Саудагер туралы":

27.Тәкаппар тақсірет тартырады. "Мінез-құлық туралы":

28.Ашу қысса - ақылың ғайып болады. "Мінез-құлық туралы":

29.От - түтінсіз болмас, жігіт - мінсіз болмас. "Мінез-құлық туралы":

30.Қылымсығанда - қызыл киеді, Жарамсақтанғанда - жасыл киеді. "Мінез-құлық туралы":

31.Еркекқұмар әйел ерге жарымас. "Әйел, ана туралы":

32.Пышақ қанша өткір болғанымен өз сабын өзі жона алмайды. "Дәрмесіздік туралы":

33.«Ағайын» десе - шақ қарадық, «Қайын» десе - жалт қарадық. "Ағайын, жұрт туралы":

34.Ұран көтерілсе - ру жиылар, Жау келсе - жамағат жиылар. "Ағайын, жұрт туралы":

35. Дос адам маңайынды жұмақ етер. "Достық туралы":

Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде негізінен табиғат, аңғилық, ерлік-батырлық жайында, сондай-ақ жоқтау, мақтау сияқты салт өлеңдері, мақал-мәтелдері жайлы жазылған болатын. Мәселен, табиғат көріністеріне қатысты жыр жолдары көп. Мұнда «бұлттар ойнап бастағанын», «сай салаға су талғанын», «түрлі түсті бәйшешек өсіп шыққанын», «арқар-киік асыр салғанын» бейнелейтін өлеңдер жиі ұшырайды. Еділ өзені жайында төмендегідей жыр жолдары бар:

Жарқырап жұлдыз туғанда,

Ұйқыны серпіп қарадым.

Бөлейді құстар думанға,

Тыныштық күйін даланың.

Еділдің суы ағады

Қапарлы толқын тас қажап.

Сайларға су толады,

Ойнайды суда ақ шабақ.

### **ҚОРЫТЫНДЫ.**

Сонымен Махмұт Қашқаридің осы «Диуани лұғат ат-түрік» жинағы өте құнды әрі бағалы мұра. Кітаптың тақырыбы көп бөліктен, яғни көп тақырыптан тұратыны баршаға мәлім. Диуани лұғат сөздік қана емес, сонымен қатар тақырыптарында тәлім-тәрбиелік мәнінің көптігі, ақыл-өсиет беретін мақал-мәтелдері күні бүгінге дейін өз құнын жоғалтқан емес.

### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. “Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.
2. Н. Келімбетов “Ежелгі дәуір әдебиеті” Алматы Атамұра 2005
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев -Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998
4. Абдурахманова Асем Ерғали қызы/ Түркі тектес халықтарының ортақ мұрасы